

Сабақтың тақырыбы

Еңбекқор адам

Оқытушы: Балайым Өмірзаққызы



В1 орта деңгей

Ережемен танысыңыз.

Қос сөз - екі сөздің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөз. Қос сөз дефис арқылы жазылады.

Бұл дәріхана күндіз-түні ашық, тәулік бойы жұмыс істейді.

Неге қайта-қайта сұрай бердің?

Су-пу іше салшы, кешігіп барамыз?

Түрлері: Қайталама қос сөз – сыңарлары бір түбірден, яғни бір түбірдің қайталануынан жасалатын қос сөз.

Біз көзбе-көз сөйлесуіміз керек.

Біріккен сөздер Екі немесе одан да көп түбірлердің бірігіп, бір ұғымды білдіретін және бір сұраққа жауап беретін сөз біріккен сөз деп аталады.

Бұл *кәсіпорын* немен айналысады?

Оның *еңбекақысы* жоғары екен.

Көшбасшы болу үшін табандылық, білімділік деген қасиеттер керек.

Жасалуы:

- 1) Күрделі сөз құрамындағы түбірлердің тұлғалары сақталып, өзгеріске ұшырамайды.

Мынау – *Темірқазық* жұлдызы.

- 2) Сөз құрамындағы түбірлердің тұлғалары өзгеріске ұшырайды, дыбыстық жағынан ықшамдалады. Мұндай сөздер кіріккен сөздер деп аталады.

Қорытынды жиналыс *бүгін* болады.



Тапсырмалар орындау

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтіндегі етістіктерді қажетті түрге қойып, оқыңыз.

“Еңбекқор адам”

° Сіз күніне қанша сағат жұмыс істейсіз? Кешке жұмыс уақыты біткеннен кейін «үйімде бітіремін» деп қалған жұмысты үйіңізге алып кетесіз бе? Демек, сізді нағыз «еңбекқор» адам деп айтуға болады. Мұндай адамдар тәулігіне 12 сағат жұмыс істейді // жұмыс істеді. Соның арқасында отбасының хал-жағдайы жақсы, табысы жоғары // жоғары болады. Бәрі жап-жақсы, көңілдегідей көрінді // көрінеді. Бірақ олар отбасына көңіл бөлуді артық санайды // артық санады. Бала-шағасы болғанына қарамастан, күндіз-түні жұмыс істейді.



Мұндай адамдар артық жұмыс сағаты үшін қосымша жалақы да сұрамайды. Еңбек келісімшартындағы белгіленген жұмыс сағатын ұмытып, жан-тәнімен жұмыс істейді. Демалыс күндері олар өздерімен-өздері үйде отырып, теледидар алдын бермейді // бермеді. Ал егер жұмысқа шақырса, қуана-қуана барады // барды. Ол өз ұжымынан бөлек болғысы келеді // болғысы келмейді. Ұжыммен көп уақыт өткізуге // өткізуіне тырысады. Мұндай жұмысбастылықты, өз қызметіне тәуелділікті нашақорлықпен салыстыруға // салыстыруды болады. Бұл – аурудың // ауру бір түрі. Ал ауру емдеуді қажет етті // етеді. Сондықтан ондай “еңбекқор адамдарға” ең бірінші, отбасы көмектесуі қажет // көмектесуге қажет. Егер ол отағасы болса, оны бұл аурудан емдеуге ынтаңызбен кіріскеніңіз дұрыс.





ЖАЗЫЛЫМ




2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сіз күніне қанша сағат жұмыс істейсіз?
2. Жұмыстан уақытында қайтасыз ба?
3. Жұмыста сағат кешкі 18.00-ден кейін жиі қаласыз ба?
4. Жұмыста өзіңіз қаласыз ба әлде бастықтың айтуымен қаласыз ба?
5. Үйіңізге қайтуға асығасыз ба?
6. Отбасыңызбен жиі уақыт өткізесіз бе?
7. Әріптестермен бірге болған ұнай ма?
8. Сіз тәулігіне қанша сағат жұмыс істейсіз?



ЖАЗЫЛЫМ

3. Берілген сөздерден біріккен сөз жасаңыз.



*кәсіп жал еңбек баспа жұмыс көш
ақы басты сөз басшы ақы орын*

кәсіп_____

еңбек_____

жұмыс_____

жал_____


баспа_____

көш_____

Артық болмас білгенің!

Жас маманға айтылар кеңес

**Алғашқы жұмыс күнінде танысқан
әріптестеріңіздің атын жаттап
алыңыз**



**Сәлем түзелмей, әлем
түзелмейді**

**Жұмысқа киетін киіміңізге, өзіңіздің
бет-әлпетіңізге аса мән беріңіз**

**«Сізді» бірден
«Сенге» алмастырмаңыз**

Шектен шықпауға тырысыңыз

**Адам көркі
– шүберек.**

**Жеке қарым-қатынас пен жұмысты
араластырмаңыз**

**Салақтық пен
салғырттықтан
арылыңыз.**

**Көтере алмайтын шоқпарды беліңе
байлама!**

**Жұмыс үстеліңізді жеке меншік
мұражайға айналдырмаңыз.**

Көз



Назарларыңызға рақмет!

